

Ата-аналарға арналған жаднама

«Бұл қызық: мамандардың кеңестері»

Құрметті ата-аналар!

Бала тәрбиесі – үлкен жауапкершілікті қажет ететін маңызды міндет. Баланың дені сау, ақылды, мейірімді және өзіне сенімді болып өсуі үшін ата-ана мен педагогтың бірлескен қолдауы қажет.

Педагог-психолог кеңесі: «Балаға көңіл бөліңіз»

- Күн сайын балаңызбен әңгімелесуге уақыт бөліңіз.
- Оның пікірін тыңдап, сезімдерін құрметтеңіз.
- Баланы басқа балалармен салыстырмай, оның жеке жетістігін бағалаңыз.
- Жаксы әрекеттерін байқап, жылы сөздермен мадақтаңыз.
- Балаға қауіпсіз әрі сенімді орта қалыптастырыңыз.

Тәрбиеші кеңесі: «Баламен бірге дамыңыз»

- Балаңызбен бірге кітап оқыңыз, ертегі айтып беріңіз.
- Сұрақтарына шыдамдылықпен жауап беріңіз.
- Дамытушы ойындар арқылы ойлау қабілетін жетілдіріңіз.
- Баланың өздігінен әрекет етуіне мүмкіндік беріңіз.
- Күн тәртібін сақтауға дағдыландырыңыз.

Логопед кеңесі: «Дұрыс сөйлеу – дұрыс даму»

- Баламен жиі сөйлесіңіз, сөздік қорын байытыңыз.
- Тақпақ, жаңылтпаш, ертегілерді бірге қайталаңыз.
- Баланың сөзін бөлмей тыңдаңыз.
- Дыбыстарды дұрыс айтуына көңіл бөліңіз.
- Сөйлеу дағдысын ойын арқылы дамытыңыз.

Медбике кеңесі: «Денсаулық – басты байлық»

- Баланың дұрыс тамақтануын қадағалаңыз.
- Ұйқы және демалыс тәртібін сақтаңыз.
- Күн сайын таза ауада серуендеуге мүмкіндік жасаңыз.
- Жеке бас гигиенасына үйретіңіз.
- Қимылды ойындарға қызығушылығын арттырыңыз.

Қызықты деректер

3–6 жастағы бала ойын арқылы әлемді танып, жаңа дағдыларды меңгереді. Күнделікті кітап оқу баланың сөздік қорын арттырады. Шығармашылық жұмыстар баланың қиялын және ұсақ қол моторикасын дамытады.

Баламен жиі сөйлесу оның ойлау қабілеті мен қарым-қатынас дағдыларын жақсартады.

Есте сақтаңыз!

Балаға ең қажетті сыйлық – ата-ананың уақыты, мейірімі және қолдауы. Жылы сөз бен жақсы үлгі баланың болашағына үлкен әсер етеді.